

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 ақпанда № 3464 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы Елтай ауылдық округі әкімінің 03.03.2016 № 08 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Индер аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 01-07-4/232 ұсынысы негізінде Елтай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Елтай ауылдық округі Аққала ауылы, Қсусанов көшесіндегі № 8 үйге мүйізді ірі қара малдарынан құтырма ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс – шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Индер аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Индер аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Е. Дүйшім

"КЕЛІСІЛДІ"

*Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Индер аудандық
орталық ауруханасы"*

А. Доспаева

шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының бас дәрігері:

"13" қаңтар 2016 жыл

Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын
қорғау комитетінің Атырау облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Индер
аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы:

"13" қаңтар 2016 жыл

Ш. Ержанова